

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қазан N 1242

Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының 1996 жылғы 5 қыркүйектегі шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгертулер енгізілсін:

### 1. "Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік

кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының шешімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 20 қарашадағы қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 36, 460-құжат) қосымшасында:

таратылатын төлем жасау қабілеті жоқ кәсіпорындардың (дәрменсіз борышкерлер) тізбесінен:

"Актюбруно" акционерлік қоғамы, Ақтөбе облысы.

"Цинктелген ыдыс-аяқ заводы" акционерлік қоғамы, Шығыс Қазақстан облысы.

"Колос" акционерлік қоғамы, Қарағанды облысы.

"Темірбетон" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы алынып тасталсын.

2. "Дәрменсіз кәсіпорындарды тарату жөніндегі шараларды жүзеге асыру жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 23 қарашадағы N 1590 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 36, 443-құжат) екінші абзацындағы:

"Швейная фабрика им. 8-марта" акционерлік қоғамы", Павлодар облысы

"Заря" акционерлік қоғамы, Оңтүстік Қазақстан облысы" жолдары алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК